

**Бекітемін**  
**С.Торайғыров атындағы**  
**ПМУ ректорының м.а.**  
**с.ғ.д., профессор**  
**А. Ақышев**

**Ереже**

Халықаралық толеранттылық күніне арналған тоғыз факультет студенттері, магистранттары арасында өткізілетін конкурс номинациялары: «Ең үздік мақала», «Ең үздік ұран», «Ең үздік логотип», «Объектив арқылы толеранттылық», «Арнау».

Анықтама: Бас Ассамблеясының ұсынысы бойынша 1996 жылдың 16 қарашадан бастап жыл сайын ЮНЕСКО «Шыдамдылық ұстанымдарының декларациясында» жарияланған Толеранттылықтың (шыдамдылық) халықаралық күні тойланады.

**Конкурсты өткізу дің мақсаты** – жақсылық, бейбітшілік, зорлық-зомбылықсыз, ұлтаралық достық, конфессияаралық түсінік пен келісім идеясы негізінде жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастың толеранттылығын нығайту.

**Міндеттер:**

-жастар ортасында толеранттылық, этносаралық және конфессияаралық келісім идеяларын дамыту мен нығайтуды дәріптеу мақсатында конкурстың іс-шараларға студенттер мен магистранттардың барынша көп санын тарту;

-өзінің болмысын, діни және мәдени тиістілігін өз бетінше анықтайтын әртүрлі этностарды құрметтеу сезімін жастарда тәрбиелеу;

-толеранттылық облысында білімдерді кеңейту;

-өзінің адамгершілігін сезіну және адамдарға деген құрмет сезімі бар, ынтымақтастық және өзара түсінушілік негізінде әртүрлі діндерге, ұлтарға қатысты адамдармен өзара әрекеттесу кезінде дұрыс қарым-қатынас жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға болысу;

-дарынды магистранттар мен студенттерді анықтап, оларды қолдау.

**Конкурсты өткізу күні – 2013 жылдың 16 қарашысы.**

**Іс-шараны ұйымдастырушы:** С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

Конкурсты өткізу үшін Ұйымдастырушылық комитет бекітіліп, білікті қазылар алқасы анықталынды.

Конкурс келесі номинациялардан құралады:

1. «Ең үздік мақала»;
2. «Ең үздік ұран»;
3. «Ең үздік логотип»
4. «Объектив арқылы толеранттылық»;
5. «Арнау».

**Номинацияларға қойылатын негізгі талаптар:**

**I. Этноконфессионалдық толеранттылық тақырыбына «Ең үздік мақала»:**

Келесі ұсынылған бағыттар бойынша әртүрлі деректерді (тариҳи анықтамаларды, құжаттық материалдарды, монографияларды, ғылыми басылымдарды) пайдалану арқылы жазылған материал ұсынылу қажет материал:

- халықаралық толеранттылық күнін жариялаудың тарихы және Қазақстанда толеранттылық ұстанымдарын жүзеге асыру;

- бірлікті, достықты, келісімді бекіту ісіндегі қазақ халқының әйгілі қайраткерлердің тарихи борышы және мирасқорлығы;

- бірлікті, достықты, келісімді бекіту ісіндегі қазақ халқының әйгілі қайраткерлердің тарихи борышы және мирасқорлығы;
- этноконфессионалдық келісімнің қазақстандық моделінің феномені және дүниежүзілік қоғамдастықтағы толеранттылық ұстанымдарын дамыту мен нығайту ісіне оның қосқан үлесі;
- басты құжат – «Шыдамдылық ұстанымдарының декларациясын» жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ерекшеліктері;
- қоғамда толерантты мәдениетті нығайтудағы жас қазақстандықтардың қатысуы мен рөліне авторлық түрғыдан қарау.
- мақаланың мәтіні 3 беттен көп болмау керек, A4 форматында, Times New Roman, 14 кәріп.

## **II. Этникалық толеранттылық тақырыбына «Ең үздік ұран»:**

Ұрандар қарапайым, атаулы, жеңіл оқылатын, нақты, назарды аударатын және ұстап тұратын, оңай есте сақталынатын болуы керек.

Ұрандар мәтіндерінің мазмұны болуы керек:

- Қазақстанның этноконфессионалдық көптүрлілігін көрсету;
- Қазақстан Республикасында тұратын этностардың достығы мен бірлігін көрсету;
- Қазақстанның толеранттылық, бебітшілік және келісім мемлекеті ретінде насиҳаттау;

Бір өтінім беру кезінде конкурсқа ұсынылатын слогандардың жалпы саны шексіз.

## **III. «Ең үздік логотип».**

Логотиптің эскизі Қазақстанның толеранттық мәдениетті жүзеге асыру кезінде этноконфессиялық салада қосқан үлесін көрсету керек.

Логотиптердің эскиздері конкурсқа өзіндік шрифтік ұйғарым ретінде, арнайы және өзіндік графикалық танымбелгі ретінде, сонымен қатар шрифтік ұйғарым мен танымбелгінің үйлестірілуі ретінде ұсынылуы керек. Логотиптердің эскиздері екі түстік ұйғарымда (түрлі-түсті және қара-ала) қағаз және/немесе электронды тасымалдаушы құралдарда тапсырылу керек. Сонымен қатар әрбір эскизге қысқаша мәтіндік сипаттама қоса берілуі қажет (A4 форматтағы 1 бет көлемінде).

Бір өтінім беру кезінде ұсынылатын логотиптердің саны үштен кем емес болуы қажет. Бір өтінім беру кезінде логотиптер мен ұрандар нұсқаларының жалпы саны шексіз.

## **IV. «Объектив арқылы толеранттылық».**

Фото суреттер болуы керек:

- біздің аймағымызда және жалпы Қазақстан бойынша толеранттылықтың негізгі ұстанымдары жөнінде және этноконфессиялық толеранттылықтың танытудың ерекшеліктері жөнінде нақты түсінік беру керек. Конкурсқа көркемдік фотосуреттер, A4 форматтағы суреттік және ақпараттық суреттер ұсынылу қажет.
- этноконфессиялық келісімнің, әртүрлі ұлттар мен діндер азаматтарының бірге бейбітшілік өмір сүруінің феноменін көрсету керек.

## **V. «Тіл – достық пен келісімнің негізі» тақырыбына «Арнау» .**

Мазмұнды бөлігінде автор келесі жақтардың мәнін ашу керек:

- қазақ халқына тән толеранттылық, көршілік, қонақжайлыштық идеялардың;
- Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық модельдің бірегейлігін нығайту және сақтау жолында «Тілдердің үштүғырлылығы» жобасының рөлінің және мағынасының.

- «Арнаудың» мәтіні 2 – беттен көп болмау керек, A4 форматында, Times New Roman, 14 қаріп.

**Іс-шараны өткізудің шарттары және тәртібі:**

1. Конкурс қатысушылары: 1 курстан бастап 4 курс студенттері және магистранттары.

2. Факультеттің декандары студенттер арасында барлық номинацияларда белсенді қатысу бойынша жұмысты ұйымдастырады және осы жылдың 10 қарашаға дейін конкурстың комиссиясына конкурс қатысушыларының өтінімдерін және материалдарын уақытында ұсынуын қамтамасыз етеді.

3. Өтінімдер саны – жарияланған номинациялар бойынша әрбір факультеттен бір қатысушыдан кем емес. Конкурсқа қатысу өтінімі факультет деканының қолы қойылып, 2013 жылдың 10 қарашадан кеш емес ұйымдастырушылық комитетке (235 - кабинет) тапсырылады.

**Ескертпе:** Автор конкурсқа өз материалдарын ұсынған кезде, оларды газет беттерінде басып шығаруға немесе оны орналастыруға, «Rukhani alem» сайтында және біздің ақпараттық демеушілердің басылымдарында қаламақысыз жариялауға өз келісімін береді. Бұл ретте жарияланған жұмыстарға деген ерекше авторлық құқықтар қатысушылар артынан сақталынып қалады.

Факультет деканының өтінім хатында топтың атауы, курс, байланыс телефоны, электронды мекен-жайы көрсетілінеді.

**Өтінімнің мазмұны келесі түрде болуы керек:**

Автордың аты-жөні, жасы, байланыс телефондары, E-mail;

факультет, курс;

номинация тақырыбының атауы;

конкурстың материал БАҚ-да жазба түрінде немесе тікелей эфирде шыққаны туралы, жарнамалық тақталарда, басылымдарда және т.б. жариялануы туралы мәліметтер; автордың ол автор болғаны туралы және оның құқығы таласқа түспейтіні және шексіз болғаны жөніндегі қолхаты.

Өтінімде конкурсқа берілетін материалдардың құқық иелері берілген материалдарды «Rukhani alem» сайтында жариялануына, оларды телевиденіс радиобағдарламаларда пайдалануына, сонымен қатар бұқаралық ақпараттың басылымдық құралдарында жариялануына қарсы болмауы міндетті түрде көрсетілінеді. Материал А4 форматында қағазға шығарылған түрінде тапсырылу керек, қосымша материалдың электрондық нұсқасымен.

**Қорытынды.**

16 қараша күні, яғни Халықаралық толеранттылық күнін тойлаған кезде конкурстың қорытындылары және жеңімпаздарды марапаттау өтеді.

Конкурстың қорытындылары бойынша номинациялар жеңімпаздарының жұмыстары басылымға шығады, мақалалар, фотосуреттер, логотиптер «Білік» газетінің кезекті нөмірлерінде, «Rukhani alem» сайтында жарияланады.

**Ережені әзірлеуші және конкурсты ұйымдастырушы:**

С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің этносаралық және конфессиялардың үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

E-mail- [newcenterPGU@yandex.kz](mailto:newcenterPGU@yandex.kz), [rukhanialem@mail.ru](mailto:rukhanialem@mail.ru), тел. – 8 (7182) 673704